

Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық тұрақтылықты нығайту жөніндегі меморандумы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 шілдедегі N 656

Халықаралық дағдарыстық құбылыстардың ықпал етуі мен шикізат ресурстарына әлемдік бағаның түсіп кетуі жағдайында елде экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық тұрақтылықты нығайту жөніндегі меморандумы (бұдан әрі - Меморандум) м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары осы

Меморандумның қағидаларын сөзсіз орындауға қабылдасын, екі апта мерзім ішінде оны жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлесін және қажет болғанда Меморандумды іске асыруға бағытталған үкімет шешімдерінің жобаларын белгіленген тәртіппен енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Меморандумның мәтінін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 11 шілдедегі
N 656 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық
тұрақтылықты нығайту жөніндегі меморандумы

Қазақстан экономикасының халықаралық қаржы жүйесіне дәйекті кірігуі

процесінде басқа елдермен өзара тиімді ынтымақтастық пен сауда мүмкіндіктері кеңею үстінде. Дей тұра, Қазақстанның экономикасы халықаралық дағдарыстық құбылыстардың ықпалына бейім болып отыр. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі экономикалық және қаржылық дағдарыс, оның салдарынан болған шикізат ресурстарына әлемдік бағаның түсіп кетуі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің кірістерін нығайту, оның шығыстарын азайту және іскерлік белсенділігін ынталандыру жөнінде сақтандыру шараларын қабылдауды талап етеді.

Топтастырылған мемлекеттік баланстың кіріс бөлігін нығайту мақсатында Үкімет салықтық және кедендік әкімшіліктендіруді жақсарту, салық төлеушілерді тіркеудің ұлттық жүйесін құру, салық қызметін компьютерлендіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, сондай-ақ мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорларға ірі салық төлеушілер түсімдерінің мониторингін ұйымдастыру, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорларына төлем жасайтын салық төлеушілердің тізбесін нақтылау ниетінде.

Мұнай мен мұнай өнімдеріне, металдарға және бірқатар басқа да тауарларға бағаның төмендеуіне байланысты мемлекеттік бюджетке бірқатар негізгі салықтардың түсуінің қысқарғаны байқалуда, олардың ставкаларын төмендетуге уақытша мораторий енгізілетін болады.

Спирт пен алкоголь өнімдерін өндіруді лицензиялаудың шарттарын қатайтуға қоса, спирт пен алкоголь өнімдерін заңсыз шығарғаны және айналымға жібергені үшін қылмыстық жауаптылық енгізу жөнінде ұсыныстар енгізілетін болады.

Үкімет Жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарттардың бірыңғай тізілімін жасауды аяқтауды, барлық келісім-шарттарға қатаң тексеріс жүргізуді және шарттары бұзылып отырғандарын кері қайтарып алуды көздеп отыр.

Арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан тиісті салықтар, баждар мен алымдар төлеместен тауарлар әкетуге тыйым салуға кедендік бақылау күшейтіледі.

Мемлекеттік меншікті пайдалануға бақылау жасауды күшейту мақсатында жекешелендіру бағдарламасы, борыштық міндеттемелерді қабылдап алушыларды нақты белгілей отырып, заңнамалық кесімдерде көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

Үкімет табиғи монополиялардың шығыстарына, ұлттық компаниялар алатын қарыздарға бақылау жасау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Ішкі қаржы тұрақтылығын нығайту мақсатында мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру жөнінде шаралар жүргізіледі. Осы бағытта үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін мемлекеттік қызметшілер санағының негізінде бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің саны айтарлықтай қысқартылатын болады. Осымен бір уақытта жылдың аяғына дейін мемлекеттік қызметшілерді бос тұрған лауазымдарға қабылдауға мораторий енгізіледі.

Үкімет басымдықты емес құрылыс объектілерін қаржыландыруды уақытша

қысқартуды ұйғарып отыр. Қалған коммуналдық меншікті жылдың аяғына дейін ақша аукциондарында сату ұйымдастырылатын болады.

Үкімет мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын және мемлекеттің үлесі бар кәсіпорындарда, ең алдымен табиғи монополияларда тендерлік негізде тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуды жүзеге асыруға бақылауды қатайтады.

Бюджеттік ұйымдардың ұялы телефондарға қызмет көрсетуге, іссапар шығыстарына, жиһаздар, жаңа автомобильдер және жабдықтар сатып алуға арналған шығыстары қысқартылады; бюджеттік ұйымдардың электр энергиясын, жылу энергиясын, байланыс қызметтерін тұтынуының және орналасқан алаңдары лимиттерін айқындаудың тетігі әзірленеді; әкімдер мен бюджеттік ұйымдар басшыларының несиелік берешектердің одан әрі өсуіне жол бергені үшін жеке жауапкершілігі енгізілетін болады.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шаралар жүйесінің шеңберінде бірқатар тауарларға 10 % мөлшерінде ҚҚС ставкасы белгіленді, ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін патенттің құны 80 %-ке төмендетілді, шикізат өндірушілер үшін ҚҚС төлеу кезіндегі есептеме жүйесі енгізілді.

Экономиканың нақты секторын қаржылық сауықтыру мақсатында жылдың аяғына дейін төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың банкроттық рәсімдері аяқталатын, алтын рыногын ырықтандыру және кәсіпкерлікті қолдау туралы заңдарды іске асыру жөнінде шаралар қабылданып болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ой-ниеттерін табысты іске асыру елдегі экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қолдауды қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТУ. 7-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.04. N 658 қаулысымен.

Р 0 0 0 6 5 8 _